

Бекітемін

«ЖШС «Иштаев Е.А» «Айгөлек» жеке бөбекжайының

Менгеруісі А.Х.Кошбаева



### 2024-2025 оқу жылының әдістемелік кеңесінің жоспары

Р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.2024-2025 оқу жылында Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.	қыркүйек	Әдіскер
2	№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы "Баланың белсенділігі-оның денсаулығы» әдістемелік кеңес «Ұшқыр ойлы - педагог» QUIZ game	ақпан	Әдіскер
3	1.№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2.«Ойын – тәрбие мен білім құралы» тақырыбындағы жұмыстардың қорытындысы. 3.Тақырыптық бақылау: «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі». 4.«Ата-ана мен заман талабына байланысты жұмыс түрлерін ұйымдастырудың маңыздылығы» тақырыбындағы әдістемелік кеңес.	сәуір	Әдіскер

«ЖШС «Иштаев Е.А» «Айгөлек» жеке бобекжайының  
Әдістемелік кеңестің №1 хаттамасы

11.09.2024 жыл

Қатысқандар: педагогтары.  
Қатысқандар саны: 10

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

**Тыңдалды:** әдіскер Н.Мамбетова күн тәртібіндегі 1 мәселелерге тоқталды. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарымен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы хатының мазмұнымен ұжымды таныстырды. Онда ұсынылған әр қосышаға жеке-жеке талдау жасады. Сонымен қатар, әдістемелік нұсқау хатта 2024-2025 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды деді.

- Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру
- Дамытушы орта құру
- Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін»,
- «Әкелер мектебін» ұйымдастыру
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу
- Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыру
- Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет
  - Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар
- Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілетін жұмыс нысандары

**Сөйледі:** тәрбиеші Л.Б.Самигуллина әдістемелік нұсқау хат ережесі түсінікті болды, жыл сайын оқу жылы барысында жаңа оқу жылының максат-міндеттерімен уақытылы танысамыз. Енді алдағы уақытта та жұмыстанамыз деді.

**Сөйледі:** педагог-психолог А.А.Гиметдинова мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің басты міндеттерін түсіндік. Балалардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қараймыз.

**Шешімі:**

1. «Kids Avenue» жеке балабақшасы
2. 2024-2025 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру жүзеге асырылсын.

Жауапты/ Н.Мамбетова

Әдістемелік кеңес төрайымы:



А.Х.Кошбаева

Хатшы:

А.Құрметова



**«ЖШС «Иштаев Е.А» «Айгөлек» жеке бөбекжайының  
Әдістемелік кеңестің №3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 16.04.2025 жыл

Қатысқандар: балабақша педагогтері

Қатысушылар саны: 9

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Ойын – тәрбие мен білім құралы» тақырыбындағы жұмыстардың қорытындысы.
3. Тақырыптық бақылау: «Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі».
4. «Ата-ана мен заман талабына байланысты жұмыс түрлерін ұйымдастырудың маңыздылығы» тақырыбындағы әдістемелік кеңес.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Н.Мамбетова №2 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берді. Педагогтердің оқу-тәрбие процесінде ойын технологияларын қолдану деңгейі, дамытушы ойындардың қорын толықтыру және ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану жұмыстарының орындалғаны айтылды. Қабылданған шешімдердің басым бөлігі уақытылы орындалғаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер «Ойын – тәрбие мен білім құралы» тақырыбында жүргізілген жұмыстарға талдау жасады. Ойын әрекеті арқылы балалардың танымдық белсенділігі, шығармашылық қабілеттері және қарым-қатынас мәдениеті дамығаны байқалғаны айтылды. Педагогтер ойын арқылы оқытудың тиімділігін тәжірибеде көрсете білді.

Үшінші мәселе бойынша тақырыптық бақылаудың қорытындысы тыңдалды. Бақылау барысында ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің жоспарға сәйкес ұйымдастырылғаны, балалардың белсенділігі мен сахналық мәдениеті, мерекелік іс-шаралардың мазмұны мен безендірілу деңгейі қарастырылды. Жалпы ұйымдастыру жұмыстарының қанағаттанарлық деңгейде жүргізілгені атап өтілді. Сонымен қатар балалардың шығармашылық бастамаларын қолдау және ата-аналардың қатысу белсенділігін арттыру бойынша ұсыныстар берілді.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Н.Мамбетова «Ата-ана мен заман талабына байланысты жұмыс түрлерін ұйымдастырудың маңыздылығы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, онлайн және офлайн форматтағы кездесулерді ұйымдастыру, ата-аналарды балабақша

өміріне белсенді тартудың маңыздылығы айтылды. Педагогтер ата-аналармен жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша тәжірибелерімен бөлісті

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Д.А.Нургалиева:

Оқу жылы барысында өткізілген іс-шаралар балалардың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізді. Қойылған міндеттердің орындалуы бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізілді.

Тәрбиеші А.Б.Сәмен Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың тиімділігі артып келеді. Заманауи жұмыс түрлерін қолдану ата-аналардың қызығушылығын күшейтті.

## ШЕШІМІ:

1. №2 әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Ойын – тәрбие мен білім құралы» тақырыбы бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері педагогтердің тәжірибесінде жалғасын тапсын.
3. Тақырыптық бақылау барысында берілген ұсыныстар педагогтердің жұмыс жоспарларына енгізілсін.

Жауапты: топ тәрбиешілері, музыка жетекшісі.

4. Ата-аналармен жұмыстың заманауи түрлерін ұйымдастыру және олардың тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.

Жауапты: педагогтер,

Әдістемелік кеңес төрайымы:



*Handwritten signature*

А.Х.Кошбаева

Хатшы:

*Handwritten signature*

А.Құрметова